



	Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Санта Клаустар» биі 3 бөлім Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Санта Клаустар» биі 4 бөлім Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
Қантар	«Кукарелла» 1-6 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Кукарелла» 7-12 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Кукарелла» 13-18 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Кукарелла» 19-22 такт Қорытынды Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
Ақпан	«Испан биі» 1-6 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Испан биі» 7-12 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Испан биі» 13-18 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Испан биі» 19-28 такт Қорытынды Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
Наурыз	«Еркебұлан » биі 1–10 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту
	«Еркебұлан » биі 11-20 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Еркебұлан » биі 21-30 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Еркебұлан » биі 31–36 такт Қорытынды Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
Сәуір	«Гүлдер» вальсі биі 1-6 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту
	«Гүлдер » вальсі биі 7–14 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту
	«Гүлдер » вальсі биі 15-18 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту
	«Гүлдер » вальсі биі 19 -28 такт

	Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту
Мамыр	«Асатаяқ » биі 1–4 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Асатаяқ » биі 5-9 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Асатаяқ » биі 10–14 такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.
	«Асатаяқ» биі 10–14 такт Қорытынды. Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту

«Күзгі жапырақ » биі

Мақсаты: Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.

Негізгі қимылдары: 1. Екі қолы жоғары көтеріп оңға, солға тербелу.

2. Шеңбер бойымен тұрып, оң аяқпен оңға бір қадам жасау, сол аяқты оң аяқтың жанына қою, керісінше осы қимыл сол аяқтан басталады.

3. Бір орында тұрып аяқтың ұшымен оң жақ иыққа айналу. Қол жоғарыға созылады, тербелу қимылын жасайды.

4. Жапырақтарды көтере шеңберге кіру, кіші шеңбер жасау, шеңберді кеңейту.

5. Оң қолдағы жапырақтарды көтере екеуден айналу, сол қолдары жанына созылады.

Қыркүйек айы I апта	«Күзгі жапырақ» биі 1-такт 1. Қыздар бөлменің оң жақ шетінен шығып, аяқ ұшымен жүгіре басып шеңбер бойымен жүреді, қолдары екі жаққа созылып, жапырақтарды қозғайды. 2. Сызық бойымен тұрып тақ сандағы қыздар 4 қадам жасап, алға шығады. Жапырақтарды төменнен жоғары көтереді. орында қалған қыздар жапырақтарын қозғап тербеледі. 3. Бір орында тұрып тербеледі, оң жаққа айналады. Керісінше сол жақта қайталанады. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен тұрады.
II апта	«Күзгі жапырақ» биі 2 –такт 1. Шеңбер бойында негізгі 3 қимыл жасалады. Жапырақтардың төменнен жоғары көтеріп, ортаға келеді. 2. айналып кейін шегініп, өз орындарына кетеді. осы қимыл 3 рет қайталанады. 3. Негізгі 4 – қимылдың би элементтері жасалады.
III апта	«Күзгі жапырақ» биі 3–такт 1. Екі қолды соза шеңбер бойымен жапырақтарды қозғай жүреді. 2. Белгіленген орындарға тоқтап, тізерлеп отырады. 1 – негізгі қимыл жасалады. 3. Тақ сандағы қыздар орындарында тұрып айналады, жұп сандардағылар шеңбер ішіне кіреді. Жапырақтарын төменнен жоғары көтереді.
IV апта	«Күзгі жапырақ » биі 4–такт 1. Жұп сандағы қыздар ортаға кіріп, керісінше тақ сандағылар бір орында айналады. 2. Қыздар ортаға келіп, тізерлеп отырады. Тақ сандағы қыздар орындарында айналып, жапырақтарын жоғары көтеріп, әуенмен бірге тоқтайды.

«Көкпар» биі

Мақсаты: Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.

Негізгі қимылдары: Әннің басталуымен, балалар қамшыны алып қатарға тұрып, дайындалады. Қыздар төрде қолдарын бұлғап, би ырғақтарымен қимылдарды жасайды.

Қазан айы I апта	«Көкпар» биі 1-3 такт 1. Музыканың жылдам «серпімелі» ырғағы басталғанда, ұлдар қамшыларын сермеп шауып, залды айналып келіп ортаға орналасады, қамшыны жоғары көтеріп қарап тұрады. 2. Негізгі шумақ басталғанда, ұлдар солға қарай оң аяқ тізесін бүгіп отырады. Қыздар оң аяқтарының тізесін солға қарай бұрып, қолдарын алға созып білезіктерін түйістіреді. 3. Түзу тұрып, қамшыны жоғары көтереді, қыздар орындарында тұрып, қолдарын екі жанына жаяды.
II апта	«Көкпар» биі 4-7 такт 4. Оңға бұрылып, тізе бүгіп еңкейіп отырады. Қыздар оңға қарай тізелерімен бұрылып бүгіп, қол білезіктерін түйістіреді. 5. Бәрі түзу отырады. 6 – 7 Қимылдарды алға қарап қайталайды, тік тұрады.
III апта	«Көкпар» биі 8-9 такт 8 – 9 Гиккэй гиккэй. 1 – шумақтың аяғында оңға – солға еңкейіп, қамшыны екі қолмен ұстап, алға қарай сермейді. Қыздар бірдей қозғалып, екі қолдарын алма-кезек қарама қайы қимылдатып, білезік пен саусақтарын майыстыра өте нәзік қимылдатады.
IV апта	«Көкпар» биі 10-13 такт 10-11. Ұлдар жерге малдас құрып отырады. Қамшыларын қыздармен бірге ілесіп сермейді. 12-13. Қыздар төрдегі орнынан өз жұптарының қасына аяқ ұшымен жүгіріп келіп орналасады. Қолдарын жоғарыға көтеріп желпіп сермейді, аяқтары оңға солға жанымен майыса, қолмен бірге адымдап тізе бүгіп, майыса қимылдайды.

«Көкпар» биі

Мақсаты: Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.

Негізгі қимылдары: Әннің басталуымен, балалар қамшыны алып қатарға тұрып, дайындалады. Қыздар төрде қолдарын бұлғап, би ырғақтарымен қимылдарды жасайды.

Қараша айы I апта	«Көкпар» биі 14-17 такт 14–15–16–17. Оң аяқтың тізесін оңға солға қарай бұрылып бүгіп, қолдарын айқастырып, 1–2–3–4–5–6 рет қолдың қимылын жасайды, 7–8 деп қол білезіктерін жоғарыға түйістіреді.
II апта	«Көкпар» биі 18-21 такт Жылдам ырғақ 18–19–20–21. Оң аяқтарын ұлдар да, қыздар да алға тізе бүгіп, 1) еңкейіп шапалақ қағады. 2) Артқа шалқая қолдарын жоғары көтереді. Артқа аяқтарын тастап, қолдарын жоғары көтеріп, ашады. Алға 1, артқа 2, алға 3, артқа 4
III апта	«Көкпар» биі 22-23 такт 22-23. Жұптар бірге оңға солға бұрыла шалқайып, қыздар қарама қайшы қимылын қол білезіктерін майыстыра жылдам жасай түседі, ұлдар еңкейе қамшыларын алға ұстап қозғайды – ат үстінде отырған шабысты білдіреді

IV апта	«Көкпар» биі 24-27 такт 24-25. Қыздар тізе бүгіп отырып, қол білезіктерін майыстыра айналдырады. Ұлдар қамшыны жоғары көтеріп сермей қыздарды екі рет айнала адымдап жүріп келіп отырады. Осы қимылды ұлдар отырып, ауысып қайталайды. 26. Бидің соңғы қимылын жасайды. 27. Ұлдар қамшыны төсіне қояды, сол қолын жоғары көтереді. Қыздар оң аяқты артқа қойып, қолдарын жоғары көтеріп аяқтайды.
---------	---

«Санта Клаустар» биі

Мақсаты: Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.

Негізгі қимылдары: Балалар бірінен соң бірі шығып, шеңбер бойымен айналып жүгіріп, бір сызық бойын тұрады.

Желтоқсан айы	«Санта Клаустар» биі 1 бөлім
I апта	1. Балалар бірінен соң бірі шығып, шеңбер бойымен айналып жүгіріп, бір сызық бойына тұрады. 2. Бір сызықтың бойынан жұп сандылар қолдарын белге қойып, алдыға секіріп шығады, ал қалғаны орындарында тұрып секіреді. Шығу барысында жұптар қол ұстаспай шығады.
II апта	«Санта Клаустар» биі 2 бөлім 1. Екі қолдың саусақтарын айқастырып, екі аяғын кезектестіріп бір аяқтап секіреді, сермейді. Бір жаққа екі реттен қайталайды. 2. Алдыңғы және артқы қатардағы балалар орындарын ауыстырады. 3. Бірінші қатарға 2-қатардың балалары тұрып, қимылдар қайталанады.
III апта	«Санта Клаустар» биі 3 бөлім 1. Бір-бірінің артынан секіріп, шеңбер бойымен жүгіреді. 2. Шеңбер бойымен секіре айналып жүреді. Шеңбер бойымен бір рет айналымнан соң, балалар бір-бірінің белдерінен ұстап тіркесіп, шеңбер бойымен жүреді. 3. Бұл қимылды шеңбер бойымен қарама-қарсы бағытта жүріп қайталайды.
IV апта	«Санта Клаустар» биі 4 бөлім 1. Шеңбер бойымен айналып жүрген соң, балалар екі қатарға бір біріне жақын тұрады. 2. Оң аяқтың өкшесін жаңға, екі қолды белге қояды. Әуен ырғағына ілестіріп басты оңға солға қозғалтады. Қолдарындағы сағаттарына қарап, екі қолдарымен бастарын ұстайды. 3. Шыршаның астында әдейі ертерек дайындалып қойған, қызыл дорбаларын алып, орындарына екі қатарға тұрады. 4. Жерге отырып, дорбаларын қояды, екі қолдарын алдыға созып, бас бармақтарын көрсетеді.

«Кукарелла» биі

Мақсаты: Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.

Қаңтар айы	«Кукарелла» 1-6 такт
I апта	Әуеннің басталуымен ұлдар жүгіріп келіп, орындарына тұрады. Сол қолдарымен қалпағын ұстап, оң қолдарымен таяқшасын жерге тіреп тұрады. Шеңбермен айналып жүріп келеді. Орындарына тұра салысымен, оң аяқпен сол аяқтың тізесін бүгіп, әуеннің ырғағымен бөксесін қимылдатады.
II апта	«Кукарелла» 7-12 такт

	Сол қолымен қалпағын,оң қолымен таяқшасын ұстап тұрып,оң аяғын алдыға қарай шығарады.Алдына қарай шығарған оң аяғын артқа жібереді. 9–10 қайталанады. Әуеннің 1 шумағын оң аяқтарын артқа қойған түрде бітіреді.
III апта	«Кукарелла» 13-18 такт Қайырмасының басталуымен секіріп, таяқшасын екі қолымен төмен түсіріп отырады. Таяқшасын екі қолымен төбеге көтеріп, орындарынан аяқтарын сәл ашып, секіріп тұрады. Таяғын белге дейін түсіріп,аяқтарын алмастырып, орындарында тізелерін бүгеді. Сол аяғын солға ашып қояды да, таяқшасын солға қаратады.
IV апта	«Кукарелла» 19-22 такт Қорытынды Қайырмасында таяқшасын жерге қойып, секіріп отырады, аяқтарын секіріп ашып, қолдарын таяқшамен жоғары көтереді. Таяғын бел буында ұстап тұрып, аяқтарын түзу қояды. Сол қолдарымен қалпағын ұстап,орындарында тұрып тез айналады. Айналып барып, оң аяғын оңға қарай қойып, бітіреді.

«Испан» биі

Мақсаты: Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.

Ақпан айы I апта	«Испан биі» 1-6 такт Музыка басталуымен қыздар жүгіріп келіп тұрады. Ұлдар бір-бірден әр тактіге тізе бүгіп, аяқтарын нық басып жеке-жеке шығып, залдың ортасына тұрады. Ұлдар арнайы музыка ырғағымен аяқ ұшын қойып, өкшемен жұмыс жасайды. Оң аяқты оңға қойып, айналдырып солға қарай қояды. Оң аяқты оңға қойып тізе бүгіп, сол аяқтың ұшын сүйрете әкеліп еденге ұрып тұрады, қолдарын оң иықтың тұсына апарып шапалақ қағады.
II апта	«Испан биі» 7-12 такт Ұлдар сол аяғын солға қарай қойып, оң аяғының ұшын сүйрете әкеліп, сол аяққа қосу, қолдарын сол иықтың тұсына апарып шапалақ қағады. Жұптар орнында тұрып оң қолдары мен оң аяғын ұрып тұрады. Жұптар бірге оң аяқтарын алға-артқа қойып, қолдарын түйістіреді.
III апта	«Испан биі» 13-18 такт Салмақты оң аяққа салып, қолдарын солдан оңға қарай және оңынан солға қарай бірте – бірте әкеледі. Жұптар оң қолдарын түйістіріп, қыздар сол қолдарын төмен-жоғары сермеп жүреді.
IV апта	«Испан биі» 19-28 такт Қорытынды Ұлдар отырады, қыздар айналып келеді. Қыздар отырады,ұлдар айналып келеді. Жұптар бірге оң аяқтарымен алға, артқа екпіндеп қолдарын сермеп, шапшаң ырғақ жасайды. Жұптар бір орнында айналып, оң тізелерін жартылай бүгіп, аяқтарын артқа айқастырып, оң қолдарын жоғары сермей аяқтайды.

«Еркебұлан» биі

Мақсаты: Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.

Наурыз айы I апта	«Еркебұлан» биі 1–10 такт Қыздар зал төрінде әуенге ырғалып, орындарында тұрады. 1-қатар, 2-қатар, 3-қатар кезекпен шығып ортаға тұрады. Қолдарын кеудесіне түйістіріп, аяқтарын түзу қояды. Оң қолы мен кеудесін оңға қарай қимылдатады. Қайтадан қолдарын кеудесіне түйістіріп, түзу тұрады. Сол қолы мен
---------------------------------	--

	кеудесін солға қарай қимылдатады. Оң аяғының тізесін бүге алға шығарады,қолдарын түйістіреді. Оң аяғын артқа қойып, қолдарын кеудесінен жоғары көтереді.
II апта	«Еркебұлан» биі 11-20 такт Тізе бүгіп отырып,оң қолдарын оңға қарай көтере созады. Тізе бүгіп отырып,сол қолдарын солға қарай көтере созады. Жартылай көтеріліп, тізерлеп тұрады да, алақандарын түйістіреді, қолдарын жоғары көтереді.тізе бүгіп отырып, алақандарын қайта түйістіреді Жартылай көтеріліп, тізерлеп тұрады да, қолдарын жоғары көтереді. Оңға-солға бұрылып, оң қолдарын жоғары, сол қолдары төменге қозғалады, бөкселерімен билейді. Оңға-солға аяқтарын шығарып, қолдарын сермейді.
III апта	«Еркебұлан» биі 21-30 такт Шеңбермен екі қолдарын жоғары көтеріп, аяқ ұшымен, бөкселерін қимылдата жүреді, айналып келіп, бір қатарға тұрады. Бір қатарға тұрып,қолдарын түйістіреді. Қолдарын көтере қайшылас қимыл жасайды. Оңға-солға қайталайды.
IV апта	«Еркебұлан» биі 31–36 такт Қорытынды Бір қатарға тұрып қолдарын түйістіреді,шеңберге тұрып аяқтарын алға-артқа тіземен көмектесіп,қол қимылы жоғары-төмен сермеледі. Қол қимылы қайталанады, жартылай тізелерін талтая ашып-жабу қимылын жасайды. Бастарын жартылай еңкейте иіледі.

«Гүлдер вальсі» биі

Мақсаты: Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.

Сәуір айы	«Гүлдер» вальсі биі 1-6 такт
I апта	Музыканың басталуымен қыздар шеңбер бойымен айналып келіп тұрады, иіледі. Ұлдар шеңбер бойымен келіп,көрермендерге қарап білгіленген орынға орналасады. Қыздар бірінің соңынан бірі еріп келіп, ұлдармен қарама-қарсы тұрады, иіледі. Ұлдар оң қолдарын ұсынады, қыздар сол қол ұшын ұсынады. Жұптар оң аяқпен алға бір адым жасайды. Оң аяқтарын жартылай бүге артқа айқастырады.
II апта	«Гүлдер» вальсі биі 7–14 такт Жұптарп қарама-қарсы тұрады. Оң қолдарын түйістіреді. Жұптар қарама-қарсы адымдап келіп,иықпа-иық тұрады. 4 рет қайталайды. Жұптар артқа бір адым жасап тұрады. Қыздар залдың оң жағымен, ұлдар сол жағымен бірінің артынан бірі жүріп, залдың екі қабырғасына қарама-қарсы орналасады. Ұлдар қыздарға жақындап бас иіп, қайта иіледі. Қыздар иіледі.
III апта	«Гүлдер» вальсі биі 15-18 такт 1-қатар оңға, 2-қатар солға, 3 – қатар слға зал шетімен айнала жүреді. Залдың қақ ортасына төрден бұрылып келіп тұрады. Ұлдар оңға қарай,қыздар солға қарай бірінің соңынан бірі айналады, келіп қосылып тұрады. Жұптар соңынан бастап алдыңғы қатарға келіп ауысады, артқы қатарлар адымдап артқа қарай жылжиды.
IV апта	«Гүлдер» вальсі биі 19-28 такт Ұлдар артқа,қыздар алдына тұрып, қолдарын айқастырады. Сол қол ұштарынан ұстап айналып оң қолдарын көтереді. Айналып келіп қолдарын айқастырып ұстап ұлдардың алдына тұрады, айналып қайталайды. Оң аяқтарын артқа айқастыра тізе бүгіп иіледі.

«Асатаяқ» биі

Мақсаты: Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.

Мамыр айы I апта	«Асатаяқ» биі 1–4 такт Бас буынында қыздар зал төрінде тұрып, қолдарындағы асатаяқпен тізе бүгу қимылын орындайды. Орындарында тұрады. Бас буынның 2-шісі басталғанда, 1-қатар, 2-қатар, 3-қатар болып ортаға шығады. Негізгі буында, оң қолдарын асатаяқты сермеу арқылы аяқтың ұшына апарады. Айналдырып, төбеге сол қолымен түйістіріп, 2 реттен ұрады. Оң аяқпен қолмен алға, асатаяқты оң жағына сол қолымен ұру, күй ырғағымен екі реттен ұрып қайталау.
II апта	«Асатаяқ» биі 5-9 такт Аяқтарын түзу қойып, қолдарын екі жаққа қаратады. Тізе бүгіп готырып, жылдам ырғаққа еденге асатаяқты ұру. Сол жақтан оңға қарай бірнеше рет ұрып, еңкейе қимыл жасау. Сол отырған күйде сол қолдарын артқа қарай көтереді. Сағаның бітуіне жерден жартылай көтеріліп, оң қолымен сол қолын түйістіріп, бір-біріне ұрады.
III апта	«Асатаяқ» биі 10–14 такт Орындарында тұрып, екі қолын екі жағына ашып, саға біткенше айналады, 4-5 мәрте. Шеңберге тұрып, қолдарын асатаяқпен жоғары көтереді.
IV апта	«Асатаяқ» биі 10–14 такт Қорытынды. Оң аяғын сол аяғының артына әкеліп қояды, ал қолдарын оңға көтеріп асатаяқты ұстайды. Иіледі